

УДК821.512.122.0

ББК83.3 (5Каз)

М 37

**Мәуленов А.**

**М 37** Фольклор және түркі халықтары әдебиетіндегі мифология. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2015. – 504 бет.

ISBN 978-9965-22-494-2

Қазак мифологиясын зерттеп жүрген ғалым Алмасбек Мәуленовтің бұл монографиясы – тұп негізі шумерлерден бастау алған арғықазақ мифологиясының қазақ әдебиеті дамуының түрлі кезеңінде алған орны мен дәстүр жалғастығын жаңаша зерделеуге арналған.

Автор отандық ғылымда қазіргі кезге дейін мифтыңдыгерлігі турасында айтылған әрбір ой мен пікірді жете бағамдай отырып, ендігі уақытта қазақ филологиясындағы мифте, фольклорда және әдебиет тарихында қалыптасқан ғылыми бірізге түскен жүйе арқылы арғықазақ мифологиясының арғытүріктік түбірлік текстестігін талдаپ, оның көне дәуірдегі мифтермен идеялық-әлеуметтік үйлестікте болып, ортақ ұлгілерден бастау алатындығын дәлелдейді.

Кітап жоғарғы және орта мектеп мұғалімдері мен әдебиет саласындағы барша мамандарға, ұлт әдебиеті мен тарихын сүйер оқырман қауымға арналған.

УДК821.512.122.0

ББК83.3 (5Каз)

ISBN 978-9965-22-494-2

© А. Мәуленов, 2015

© «Қазығұрт» баспасы», 2015

---

## **1. МИФОЛОГИЯЛЫҚ ПАРАДИГМАЛАРДЫ ӘДЕБИ ТҰРҒЫДАН ЗЕРДЕЛЕУ ЖӘНЕ САРАЛАУ**

### **1.1 Қазақ әдебиетінің ұлттық даму ерекшелігін танудағы мифологиялық ізденістердің алғы шарттары**

Бүгінгі адамзат баласы қоғам дамуының жаңа сатыларына қадам басқан сайын, өзінің бағзы ата-баба мұраларының көне бастауларына қайта оралып, әлемді түйсінудің жаңаша тың тұжырымдарын жасауға деген ұмтылсысымен таныла түспек.

Ғылымның дамуы әр замандағы туындаған ғылыми жаңалықтарды объективті түрде бағамдай отырып, дәуір өткелдеріне сәйкес, өзіндік таным позициясын өзгертіп, ғылыми кеңістіктің соны көкжиектеріне жол аша бастайды.

Қоғамдық ғылымдардың даму сатысындағы адамның әлемдегі орны мен табиғат арасындағы қарама-қайшылық пен жарасымдылықты шешу, оның ғалам кеңістігінде өмір сұру ұстанымдарын айқындау, сондай-ақ, жалпы дүниеге болмыстан тыс объектілерді қажетсіну – мифологиялық ізденіс парадигмаларын (дәлелдемелерін) керек етеді.

Кез келген ұлттың өзіндік ойлау жүйесі, дүниені қабылдаудағы бейнелеу тәсілдері болады. Ол сан мындаған жылдар бойы ұрпақтар санасына сіңіп, әдет-ғұрып, сенім-наным жоралғыларымен мидай араласып кеткенімен, онда сол ұлттың әлсмінің ерекшелігін толықтай тануға, сыртқы дүниемен байланыс әрекетін барынша ашық көрсетуге алып келетін ұлт мәдениетінің негізін құрайтын ұлттық дүниетанымы мен құндылықтар дүниесі өрнектеледі.

Ұлттың ойлау жүйесінің негізгі рухани қайнар көздеріне – мифті, эпостық- лирикалық жырларды, тәңірлік және шамандықты, шешендік сөз өнерін, ислам діні мен ғылымды, халықтық білім мен халықтық философияны және т.б. жатқызуға болады. Бұгінгі жаһандану үрдісі жүріп жатқан алмағайып заманда ұлттық ойлау бағыты қай арнамен жүрмек? Қандай да болмасын асуы қын кедергілерден өтуі тиіс? деген занды сұрақ туындаиды. Бізді осы әлемдік жаһанданудан алып шығар негізгі ұлттық болмысымыз, ол – Тәуелсіздік идеясы. Тәуелсіздік идеясы – ұлттық ойлау мен ұлттық рухтың басты бағыты болуы тиіс.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Күлтегін ескерткішінің» тұсау кесерінде сөйлеген сөзінде: «Түркі өркениетінің текті де, терең тамырлы тарихы мен төлтума мәдениетін биік парасат үдесінен терең таразылаудың, оны кейінгі ұрпақтың сана-сезіміне сіңірудің, олардың бойынан ешкімнен кем түспейтін тарихтың барына, яғни кемел келешегінің барына деген сенімді дарытудың, сол арқылы отаншылдық сезімін тәрбиелеудің біз үшін маңызы да, мәні де ерекше» деп [1, Б.9-11] атап көрсеткені мәлім.

Ендігі міндет қазақ әдебиеттану ғылымында ұлттық әдебиеттің эволюциялық даму деңгейін саралап, оның ұлттық концепциясын жан-жақты терең зерттеуге ұмтылу. Арғықазақ мифологиясының арғытүріктік түбірлік тектілігін (генезисін) талдап, оның көне дәуірдегі мифтермен идеялық-әлеуметтік (социумдық) үйлестікте болғанын ескеріп, ортақ ұлгілерінен бастау алатындығын анықтау қажет. Отандық ғылымда қазіргі кезге дейін мифтыңдыгерлігі турасында айтылған әрбір ой мен пікірді жете бағамдай отырып, ендігі уақытта қазақ филологиясындағы мифте, фольклорда және әдебиет тарихында қалыптасқан ғылыми бірізге түскен жүйе арқылы осы мәселенің мәнін ашу – бұгінгі күннің маңызды талаптарының бірі.

Бар ғұмырын қазақ әдебиетінің тарихын, теориясын, түркология мәселелерін зерттеуге арнаған профессор Б.Кенжебаев: «Тарих біздің бабамыз. Әдебиет тарихы – көркем өнер-

## **МАЗМҰНЫ**

Сөз басы .....	3
<b>1. Миғологиялық парадигмаларды әдеби тұрғыдан зерделеу және саралау</b>	
1.1. Қазақ әдебиетінің ұлттық даму ерекшелігін танудағы миғологиялық ізденістердің алғы шарттары .....	14
1.2. Ежелгі шумер мен арғытуркі миғологиялық образдарының типологиясы .....	32
1.3. Авеста және қазақ миғологиясының рухани сабактастыры .....	51
1.4. Көк түркілер әдеби жәдігерлері және қазақ миғологиясының үндестігі .....	69
<b>2. Ортағасырлық түркі әдебиетіндегі миғологияның архетиптік сілемдері</b>	
2.1. Түркі миғологиясының суфизмге әдеби әсері .....	86
2.2. Рағбузи мен қазақ әдебиеті арасындағы дәстүр жалғастыры .....	107
2.3. Шыңғыс-наме және қазақ әдебиеті арасындағы үндестік .....	137
2.4. «Бабырнама» және «Шежіре-и түрк» туындыларындағы миғтік ұғым-түсініктер .....	155
2.5. М.Х.Дулатидің «Тарихи-Рашиди» еңбегіндегі миғтік сарында .....	169
2.6. Жыраулар поэзиясындағы миғтік бейнелердің көрінісі .....	183